

**МОББ-ның Қаракия ауданы бойынша
«№10 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің
Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы
№1 хаттама**

Болашақ ауылы

29 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар:

Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясының мүшелері, қамқоршылық кеңес мүшелері:

- Нурбеков М – қамқоршылық кеңес төрағасы
- Бөрібаев С – қамқоршылық кеңес мүшесі
- Джайлыбаев Е – қамқоршылық кеңес мүшесі
- Нокерова Д – қамқоршылық кеңес мүшесі
- Дүзекбаева Г – қамқоршылық кеңес мүшесі
- Бухарбаева К – полиция қызметкері
- Сабилов Д – қамқоршылық кеңес мүшесі
- Калылаев А – қамқоршылық кеңес мүшесі
- Абенов Б – қамқоршылық кеңес мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысы

Тындалды:

Мектеп директоры Қ.Б.Жаки 2024-2025 оқу жылының 1 тамыз мен 28 тамыз аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығын басшылыққа ала отырып мектеп өзін-өзі бағалауды өткізген болатын.

1. Жаки Қаламқас – мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Шилдебаева Кадиша – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Жексенғалиева Нуршат – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Толепберген Акбота – мектеп директорының оқу-әдістеме жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5. Башиева Махаббат – мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау

өлшемшарттары» басшылыққа алынып, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшалары (4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13) негізінде жұмыстар жүргізілді.

Бағалау кезеңдері ретінде 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары қамтылғаны айтылды. Атап айтқанда, комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының жұмысына толық мониторинг жүргізген. Сонымен қатар, мектеп туралы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу анықтамасы қаралды. Сандық және сапалық көрсеткіштердің есебі тиісті қосымшаларға сәйкес толтырылды.

Маңғыстау облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мектеп бітіруші 4 және 9-сыныптар контингенті негізінде оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Қамқоршылық кеңес төрайымының орынбасары К.Шилдебаева жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысымен таныстырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Комиссия жұмысының нәтижесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген “Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары” талаптарына сәйкес деп танылсын.
2. Мектептің өзін-өзі бағалауы “жақсы” деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  М.Нурбеков

Қамқоршылық кеңес хатшысы:  Н.Жексенгалиева